

Данная статья посвящена общественной деятельности казахской интеллигенции последней трети XIX - начале XX вв.

Summary

Given article is dedicated to public activity to kazakh intellectuals of the last one third XIX - begin XX ages.

XVIII ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XIX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДА ЖҮРГІЗГЕН САЯСАТЫ

А.Т.Бексейтова -

т.ғ.к., доцент, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

XVIII ғасырдың екінші жартысы – XIX ғасырдың басындағы уақыт – Ресей империясының саясаты Қазақ жүздерінің ішкі аймақтарында саяси-әлеуметтік, әкімшілік жүйені әлсірету және оны Ресей империясының әкімшілік жүйесіне сәйкестендіруге бағытталды.

Аталған кезеңде жүздердің басында отырған хандар бір-біріне тәуелсіз жеке билік құруға тырысты. Деректерге қарағанда XVIII ғасырдың соңы XIX ғ. I ширегінде Қазақстанда хандық билік әлсіз, тұрақсыз болды. Мысалы, Орынбор генерал-губернаторы И. Неплюев Сыртқы істер коллегиясына былай мәлімдейді: «Обе те киргис-кайсацкие орды состоят под именем разных владельцев и старшин, из которых ни один не только совершенной власти, но ниже прямой команды не имеет, но всяк по своей склонности, избирая себе владельца или старшину, оного придерживается» /1, с.105/.

Қазақ жерін жаулап алуды көздеген Ресей империясы, көшпелі қазақтардың дәстүрлі хандық билігінің нығаюына, үш жүздің басының бірігуіне қайткенде жол бермеуге күш салғанды. Мысалы, оны Орынбор губернаторы И.И.Неплюев Ресейдің Қазақстанда көпжылдық геостратегиялық саясатында хандық билікті орталықтандыру және әкімшілік жүйеде күшейтуге қауіпті екендігін былай көрсетеді: «между прочими (ханами) особливо главного хана не только полезно, но и вредительно быть может» /2, с. 172/. Әлбетте, оның көмекшісі, бригадир А.И. Тевкелев бұл туралы басқаша ойлайтын: «лучше б домогаться главного хана указом сделать», өйткені «отнюдь без одного главного хана (порядка) быть не может» /2, с.172/. Осы екі лауазымды адамдардың тактикалық келіспеушілігі, Орынбор әкімшілігінің ішінде Қазақ хандары мен сұлтандарын басқаруда бір жүйелі шешімге келуге кедергі жасап отырды.

Дегенмен, патша үкіметінің көздегені – қазақ елін бірімен-бірін қырқыстыру болды. Сондықтан болар, Ресей патшасы II Екатерина Абылайдың оған арнайы жазған хатында келтірілген деректерге құлақ аспады. Онда Абылай өзінің Әбілқайыр мен Әбілмамбет хандардың заңды мұрагері екенін айта келе, былай деген: «1771 жылы Түркістан қаласындағы мұсылмандар әулие тұтатын Қожа Ахмед мазарының басында біздің дәстүр бойынша намаз оқып, үш жүздің хандары мен сұлтандары және Ташкент пен Түркістан провинциясының басқа қалаларының өкілдерінің қатысуымен мені бүкіл үш жүздің ханы етіп сайлады»/3,с.29/. Ш. Уәлихановтың айтуы бойынша халық Абылайды хан етіп сайлағаннан кейін, Абылай «орыс шекарасына патша үкіметіне ант беруге барғысы келмеді» (4) , яғни өзін хан етіп патшаның бекітуін қажет етпеді.

Патша үкіметі Абылайды орта жүздің ханы деп танып, оны ресми түрде бекіткен грамотаны алуға және өзінің Ресей империясына адалдығы туралы құжатқа қолын қоюға Петербургке немесе Орынборға келуін талап етті. Абылай болса, бұған көнбеді. «Мені үш жүздің ханы етіп халқым сайлады, ендеше бұған қоса айырықша бір куәлік алудың қажеті жоқ» деп жауап қайтарған. «Абылайдың бұл қылығына, - деп жазады, - А. Левшин, - ыза болған Ресей үкіметі оған ақы төлеуді тоқтатып, оны кеміту үшін кез келген бір сұлтанды көтермелеп, оған қарсы қоюды ұйғарған. Онымен қоймай, Абылайды тұтқындап, ішкі бір губерниясына жер аударуды да ойластырған. Бірақ дәл осы сәтте ол әскерін жиып, буруттармен соғысып, оларды жеңіп бітім жасады. Осыдан соң Түркістан маңында қалып, баласы Ғадильдің (Әділдің) сұрауымен Талас өзенінің жағасына қала салғызады» /5,с.268/.

Қазақ даласында Абылай ханның беделі жоғарыда көріп отырғанымыздай тек қана Орта жүз территориясына ғана жүрмей, сонымен қатар Ұлы жүзбен Кіші жүз территорияларына да таралды. Сондықтан Абылай хан өлгеннен кейін Қазақ хандығының жүздерінде билік үшін талас-тартыстар саяси тұрақсыздықты күшейте түсті. Қазақ даласындағы ішкі бақталастық, барымташылық қазақтардың орыс

шекарасындағы бекіністерге шабуыл жасамауына қарамастан патшалық Ресей қазақ даласында орыс әкімшілік билігін орнатуда көздеген саясатын жүзеге асыруға асықпады. Себебі, Орта жүздің ханы Абылай кезінде Қытай елімен көршілік қатынаста болуынан Ресей патшасы өз ойын ашық жүргізуге Абылай ханның ұстанған саясатынан бата алмады. Қытаймен арадағы қатынастарын шиеленістіргісі келмеді. Бұның себебін мынадан көруге болады: патша үкіметі әрдайым Абылайды өзіне қаратып алғыс келді, алайда Абылай хан екі ұлы империяның (Ресей мен Қытай) арасында өз саясатын жүргізіп отырды. Ол екі елге де, өзінің елшіліктерін жібере отырып, бұлардың саяси-экономикалық жағдайларын біліп отырды және сол арқылы өзіне тиімді жағын ұстанып отырды. Бұндай саясат бұған шексіз билік беріп отырды. Бұл туралы Ш. Уәлиханов былай дейді: «...ни один киргизский хан не имел такой неограниченной власти, как Аблай» /6, с.430/.

Дегенмен Абылай хан қайтыс болғаннан кейін қазақ жүздерінде пайда болған саяси тұрақсыздық Ресей империясы үшін тиімді болды. Сондықтан Абылай хан о дүниеге кеткеннен кейін оның баласы Уәли мұрагерлік жолымен хан тағына отырығызылады. Оның басты себебі орыс әкімшілігінің ықпалы Орта жүздің ішкі аймақтарына толық жүрмеуі.

Сонымен қатар көшпелі қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі басқару жүйесі хандық билікті бірден жоя алмайтындығын түсінді. Сонымен бірге қазақ даласында Ресей әміршілігін орнату үшін және Хиуа, Бұқара, Қоқан хандықтарымен керуен жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қазақ даласына Сібір казактарының бекіністерін салып, казактарды егіншілікке көшіру арқылы көшпенділікке кедергі қойып өз саясатын іске асыруды көздеді. Жалпы көріп отырғанымыздай Орта жүз казактарын бағындырудың жобалары XVIII ғасырдың 80-90 жылдарында жасалына бастады. Мысалы, В.Я. Басин өзінің еңбегінде ол туралы былай дейді: Г.А. Потемкин-Таврический «Қазақтардың жүгенсіздігіне тыйым салып, халықты отырықшылыққа көндіріп, мал өнімдерін Ресей мүддесіне пайдалануымыз қажет» деген /7, с. 246/. Ол кезде, XVIII ғасырдың соңында Орта жүз аймағында 1 млн-ға жуық адам тұрды, олардың мал саны Кіші және Ұлы жүз малдарын қосқанның өзінде көбірек болды. Отырықшылыққа көше отырып, Ұлы жүз казактарын Ресей ықпалына енгізу арқылы Үнді түбегіне шығуға жол ашық болатынын айтқан. Орыс-Үнді сауда жолының қазақ даласы арқылы өтуі ең қысқа жол екені ескертеді. XVIII ғасырдың соңында Ресей империясы өзінің Орта Азия мен Үнді түбегіне шығатын жол қазақ даласы екені анық түсініп, мұнда ағылшын отаршылдарының ықпалын болдырмау – олардың негізгі мақсаты болды.

Сондықтан Ресей империясының генерал-майоры Я. Боувердің Екатерина II жазған хатында Орта жүз казактарының жағдайлары туралы былай дейді: «Біріншіден, қазақ даласында ханның беделі жоқ, екіншіден, казактардың жайылымының қысқаруы себепті шекара маңында қазақ-орыс арасында қақтығыстар жиі болып тұрады, үшіншіден, мал өлімі көп, әсіресе жұт жылдарында, төртіншіден, далада адамдардың аурудан өлімі көп, әсіресе, кең тараған оспа ауруы, бесіншіден, казактар орыс тілін білмейді, алтыншыдан, керуен жолдарында саудагерлер казактардан алуан заттарын алып, керуенді тонау көп болып отыр, ұрланған керуенді казактардан көріп, орыстарға деген сенімін жоғалтуда. Осы жағдайларды ескере отырып Я. Боувер Орта жүзде Ресейлік әкімшілік тәртіп орнатпайынша болмайтынын айтады» /7, с. 247/.

Қазақ даласында орыс тәртібін орнату үшін, Ресей империясының әкімшілігі Батыс Сібір казактарын (Орта жүз казактары) тәртіпке келтіру жолдарын іздестіре бастады. Өйткені Орта жүз ішкі территориясындағы казактар Батыс Сібір генерал-губернаторына тек қана сөз жүзінде бағынышты болды. Сондықтан орыс әкімшілігі Орта жүз территориясында өз үстемдігін орнату үшін жаңадан әкімшілік басқару жүйесін іздестірді.

Ол үшін патша үкіметі жергілікті көшпелі халық арасында, қоғамдық санасында хандық институтының дезавуировациясын жүргізіп, болашақ реформалар үшін қолайлы жағдайды ойластырады.

Сол себептерге байланысты патша үкіметінің әкімшілігі хандық билікті әлсірете бастайды. Оның үстіне патша үкіметі үшін тиімді жағдай ретінде сұлтандар мен рубасылардың Уәли ханның үстіне шекаралық әкімшілікке жасаған шағымдары Солтүстік пен Шығыс Қазақстанның аумағын империя құрамына қосу үшін қолайлы сылтау ретінде пайдаланылды. Ханға қарсы сұлтандар мен старшындар тобы ашық күреске шықты. Мысалы, 1794 жылы 27 желтоқсанда екі сұлтанның және Орта жүздің Атығай, Құйлы-Атығай, Көшібе-Керей, Шибан, Канжығалы, Күрлет-Қыпшақ, Балтақ-Керей және Уақ болыстарының он бір старшындары 122 960 оларға бағынышты казактар атынан имератрица Екатерина II Уәли ханның атына шағым жазған, сондай – ақ Сібір корпусының генерал-поручигі Штрандманның

рапорты граф П.А. Зубовқа 1795 жылы 1 ақпанда Орта жүз ханы Уәли ханның атына түскен шағым да дәлелдейді.

Үкімет мұндай жолданымдар мен өтініштерді көтермелеуді, рубасыларды марапаттау, сыйлықтар мен шен беру арқылы сатып алуды ұсынды. Ендігі кезекте орыс әкімшілігі Орта жүз территориясында өз билігін одан әрі нығайтуға мүмкіндік алып, билігі номиналды сұлтандарды билік басына отырғызу және солар арқылы өз саясатын жүргізу мүмкіндігіне ие болды. Сол себептерге байланысты Уәли ханның беделін, билігін одан әрі әлсірету үшін патша үкіметі Орта жүз территориясын екі бөлікке бөліп тастады: Уәли ханмен (1781 – 1821 ж.ж.) Бөкей сұлтан (1816 – 1819 ж.ж.) арасында. Дегенмен 1819 жылы Бөкей сұлтанның, 1821 жылы Уәли ханның қайтыс болуынан кейін, орыс әкімшілігі жаңа хандарды бекітуден бас тартты.

Осындай бір жүйелі саяси жолдар арқылы XIX ғасырдың I ширегінде қазақ даласындағы хандық институтты жою және саяси-әлеуметтік, әкімшілік құрылымдада өзгерістерді енгізуге жағдай жасалынды.

Хандық биліктің әлсіреуі қазақ даласында жаңа басқару жүйесінің енуіне жол ашты.

1. Сулейменов Б.С., Басин В.Я. *Казахстан в составе России в XVIII – начале XX века.* - Алматы: «Наука» КазССР, 1981. – С. 247.

2. Масанов Н.Э. и др. *История Казахстана: народы и культуры.* – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 608с. + вкл.28 с.

3. Жиренчин К. А. *Политическое развитие Казахстана в XIX начале XX веков.* - Алматы. 1996.

4. Левшин А. *Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей.* – Алматы: Санат, 1996. – 656 б.

5. Әбуев Қ. *Қазақстан: тарих және тағдылым.* – Астана: Елорда, 2006. – 320 бет.

6. Валиханов Ч.Ч., *Собр.соч.* - Т.І. – С.430.

7. Басин В.Я. *Россия и Казахские ханства в XVI-XVIII в.* - Алматы, 1971 .

Резюме

Рассматриваются административные реформы, проводимые царским правительством в Казахстане в начале XIX века. А также упразднение ханской власти и изменение традиционного уклада жизни казахов.

Summary

The Administratory reforms in Kazakhstan which were provided by government at the beginning of ninetineteth century.

КАЗАХИ В СОСТАВЕ РЕСПУБЛИКАНСКОГО КИТАЯ. ПЕРИОД ЯН ЦЗЭНСИНЯ

А.Самаев –

к.и.н., соискатель Института востоковедения им. Р.Б.Сулейменова МОН РК,
г. Семей

Синьхайская буржуазно-демократическая революция 1911-1912 годов свергнувшая династию Цин, положила конец монархическому правлению в Китае, насчитывавшему более двух тысячелетий. Хотя после свержения Цинской монархии внутреннее положение в Китае начинает меняться, в Синьцзяне, находящемся на окраине страны, как и на населенном казахами северо-западе провинции жизнь практически не меняется. Данный регион в социально-экономическом отношении продолжает оставаться полуфеодальной аграрной окраиной Китая, а казахи, по-прежнему остаются носителями в основном скотоводческого типа хозяйственно-культурной деятельности с небольшим числом тех, кто сочетал скотоводство и земледелие.

Но антиманьчжурские антимонархические выступления проходят и здесь. В ночь с 25 на 26 декабря 1911 г. начинается восстание в административном центре Илийского округа (аймака) г. Кульдже. 13 января 1912 г. глава российского консульства в Кульдже А. Дьяков докладывал в МИД Российской